

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

М. Жұмабаев атындағы Жоғары колледждегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, КМҚК «М. Жұмабаев атындағы Жоғары колледж директорының 2026 жылғы 30 маусымдағы №89 бұйрығы негізінде КМҚК «М. Жұмабаев атындағы Жоғары колледжде», сондай-ақ облыстың білім беру ұйымдарының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2026 жылғы 3 шілдеден 16 шілдеге дейінгі кезеңде жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізгі бағыттары:

- 1) колледж қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Колледж қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Жұмыс тобы білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілердің қолданылуына сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау тұрғысынан талдау жүргізді. Колледж әкімшілігі қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сондай-ақ колледж қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстарды тұрақты түрде жүргізеді. Колледжде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу және болдырмау мақсатында 2025–2026 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-шаралар жоспары бекітілген. Өткізілетін іс-шаралар әлеуметтік желілерде жүйелі түрде жарияланып отырады.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша әкімшілік-басқару персоналының өз қалауы бойынша шешім қабылдауына ықпал ететін, жеке тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде кедергілер жасауға мүмкіндік беретін ережелер, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді еркін түсіндіруге мүмкіндік беретін құқықтық олқылықтар анықталған жоқ.

Оқытушылардың педагогикалық жүктемесі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының (52-бап), Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің, Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтеріне еңбекақы төлеуді есептеу қағидаларының (ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 11 мамырдағы №191 бұйрығы, 3-параграф), сондай-ақ 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі туралы» Заңының негізінде бөлінеді.

Педагогикалық жүктеме колледж директоры тарапынан білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің оң шешімі негізінде, сондай-ақ оқу

жүктемесінің көлеміне, біліктілік деңгейіне, еңбек өтіліне және біліктілік санатының болуына қарай бөлінеді.

Педагог қызметкерлердің оқу жүктемесін бөлу төрт кезеңде жүзеге асырылады.

1-кезең: Қолданыстағы оқу жоспарлары мен бағдарламалары шеңберінде педагогикалық жүктемені алдын ала бөлу әдістемелік комиссияларға беріледі. Бөлу пәндік-циклдік комиссиялардың отырыстарында жүргізіледі: алдымен оқу жылының соңында ауыспалы контингент топтары бойынша алдын ала бөлінеді, кейін оқу жылының басында нақтыланады, бұл комиссия отырыстарының хаттамаларымен расталады.

2-кезең: Ұжым мүшелерімен әңгімелесу жүргізіледі, жаңа қабылданған топтардың саны және жаңа топтардың оқу жоспарларындағы сағаттар саны ескеріле отырып, жүктеме нақтыланады.

3-кезең: Педагогикалық жүктеме бекітілгеннен кейін инженерлік-педагогикалық ұжымның барлық мүшелері өздеріне ұсынылған педагогикалық жүктеменің соңғы нұсқасымен танысады және жүктеменің жеке парағын жеке қолтаңбасымен растайды.

4-кезең: Бос жұмыс орны пайда болған жағдайда оқу сағаттары қолда бар педагог кадрларды және олардың базалық білімі, мамандығы, біліктілігі, жұмыс тәжірибесі мен жетістіктері, әдістемелік және педагогикалық құзыреттілігі ескеріле отырып бөлінеді.

Педагогикалық жүктеменің бөлінуіне наразылық білдірген оқытушылардан өтініштер түскен жоқ.

Емтихан сессиясын өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (2-тарау) негізінде жүзеге асырылады. Талданған кезеңде емтихандар мен сынақтарды өткізу тәртібінің бұзылуы анықталған жоқ.

Қорытынды аттестаттау жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша қорытынды емтихандарды тапсыруды қамтиды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 3-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

Талданған кезеңде ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібінің бұзылуы анықталған жоқ.

Теориялық және өндірістік оқыту журналдарының нысандары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес келеді.

Журналдардағы жазбалар модульдер/пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларға/жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес келеді.

Талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

2.1. Персоналды басқару

Колледж директоры азаматтық қызметшілердің лауазымдық міндеттерін бекіткен, қызметшілер өз жұмыстарында аталған міндеттерді басшылыққа алады.

Білім беру мекемесінің азаматтық қызметшілері арасында еңбек қызметі барысында мүдделер қақтығысы туындамайды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында азаматтық қызметшілерге қатысты жағымсыз материалдар анықталған жоқ. Колледжде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, Қазақстан Республикасының «**Білім туралы**» Заңының талаптары қатаң сақталады. Бұйрықтар мен өкімдерді шығару Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкес жүзеге асырылады.

Колледжге жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлер мен әкімшілік арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттеледі.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 32-бабына сәйкес еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттардың белгілі бір тізбесі ұсынылады.

КМҚК «М. Жұмабаев атындағы Жоғары колледжде» қызметкерлермен еңбек қатынастары ішкі еңбек тәртібімен, ұжымдық және еңбек шарттарымен, лауазымдық нұсқаулықтармен, ішкі бұйрықтармен реттеледі.

Жыл сайын колледж ұжымы жас және білікті мамандармен толықтырылып отырады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 32-бабының 2-тармағына сәйкес, білім беру саласында кәмелетке толмағандармен еңбек шартын жасасу кезінде тұлға кісі өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халықтың денсаулығы мен имандылығына қарсы, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны туралы мәліметтердің болуы немесе болмауы туралы анықтама ұсынады.

Жұмысқа қабылдау кезінде бос лауазымға үміткер соттылығының бар немесе жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады. Алайда аталған анықтамалар бұрын жасалған қылмыстар туралы фактілерді көрсетпейді. Яғни, егер үміткер бұрын қылмыс жасаған болса, ал құжаттарды тапсыру кезінде оның соттылығы алынып тасталған немесе өтелген болса, онда Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті беретін жоғарыда аталған анықтама «таза» болады, яғни соттылығы көрсетілмейді.

Кадрлардың ауысымдылық деңгейінің төмен болуы қызметкерлердің ұзақ мерзімді кәсіби мансапқа деген ынтасының тұрақтылығын көрсететін көрсеткіштердің бірі болып табылады.

2.2. Мүдделер қақтығысын реттеу

Жақын туыстар бірге жұмыс істеген жағдайда мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін. Бұл мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғалардың, оларға теңестірілген тұлғалардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасында қайшылық туындауына әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда аталған тұлғалардың жеке мүдделері олардың лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына себеп болуы ықтимал. Өз кезегінде мұндай жағдай сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындауына әкелуі мүмкін.

Педагог қызметкерлердің мүдделер қақтығысына қатысты, педагог қызметкердің өзінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында тап болуы мүмкін мүдделер қақтығысы жағдайлары бойынша тиісті іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді.

Ұжым тұрақты жұмыс істейді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен тыйым салулардың бұзылуы анықталған жоқ.

«Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша ішкі талдау жүргізілген кезеңде қызметкерлердің басшымен немесе оның орынбасарларымен мүдделілігі (аффилиирленуі), сондай-ақ мүдделер қақтығысының болу фактілері анықталған жоқ.

2.3. Колледж оқытушыларының рейтингі қорытындыларын шығару бойынша

Оқу-тәрбие жұмысын басқару жүйесін жетілдіру және дамыту жөніндегі ұсынымдарға сәйкес, сондай-ақ колледж педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін анықтау және олардың біліктілігін арттыру мақсатында тиісті жұмыстар жүргізілді.

Сондай-ақ қызметкерлердің оқудан өту, біліктілігін арттыру мерзімдері мен тәртібі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының негізінде және оған сәйкес жүзеге асырылатын аттестаттаудың және курстық қайта даярлаудың перспективалық жоспарларымен реттеледі.

2.4. Мемлекеттік қызметтер көрсету

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу шеңберінде колледждің мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметі зерделенді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес М. Жұмабаев атындағы Жоғары колледжде мынадай мемлекеттік қызметтер көрсетіледі:

1. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру;
2. Азаматтардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілерге тегін тамақтандыруды ұсыну;
3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау;
4. Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру;

5. Білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру;

6. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру;

7. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өтуге құжаттарды қабылдау;

8. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту, қызмет көрсету мерзімдерінің бұзылу жағдайлары, сондай-ақ қызметкерлерге немесе мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдеріне қатысты шағымдар тіркелген жоқ.

КМҚК «М. Жұмабаев атындағы Жоғары колледж» әкімшілігі ата-аналарға колледж ұжымының мүшелерімен өзара іс-қимыл жасау барысында сыбайлас жемқорлық сипатындағы фактілер бойынша жазбаша және ауызша түрде шағымдар мен өтініштер беру мүмкіндігін қамтамасыз еткен. Студенттер мен ата-аналар үшін колледжде кез келген мәселе бойынша жүгінуге болатын **«Сенім телефоны» 49-42-45** жұмыс істейді. Сенім телефоны көрсетілген хабарландырулар колледж фойесіндегі ақпараттық стендтерге орналастырылып, студенттер мен ата-аналардың назарына жеткізілген.

Колледждің оқу ғимаратында сенім жәшіктері орналастырылған, оларды комиссия аптасына бір рет ашады. Колледжде ата-аналар жиналыстары өткізіледі, оның барысында ата-аналармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы мүлтіксіз сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі, сондай-ақ кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік ахуалын қалыптастыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, студенттер арасында сыбайлас жемқорлық көріністерін анықтау және студенттердің өздерінің құқықтық санасын арттыру мақсатында сауалнама жүргізіледі. Жоғарыда көрсетілген ақпарат көздері бойынша колледж қызметкерлерінің тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қатысты шағымдар, өтініштер мен жүгінулер түскен жоқ.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде жұмыс тобы колледж қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу бойынша мынадай ұсыныстар мен ұсынымдар енгізді:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары аймақтарға және мүдделер қақтығысына жататын қызмет бағыттарына тұрақты ішкі бақылау мен аудит жүргізу.

2. Педагогикалық ұжымда адал еңбек мәдениетін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, студенттер мен ата-аналар арасында сыбайлас жемқорлыққа **«нөлдік» төзімділік** қағидатын қалыптастыру.

3. Қоғамда сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған семинарлар, кеңестер, оның ішінде құқық қорғау

органдары мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен іс-шаралар өткізу, сондай-ақ әкімшілік қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар санатына жатқызылатын жағдайлар туындаған кезде азаматтар мен лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі тақырыбында сабақтар ұйымдастыру.

4. Жалпыға қолжетімді орындарға «**Сыбайлас жемқорлыққа – ЖОҚ!**» плакаттарын орналастыруды қамтамасыз ету, оның ішінде «жедел желі» телефондары және сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша шағым беруге болатын тұлғалардың байланыс деректері туралы ақпаратты орналастыру.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған (қабылданып жатқан) шаралар туралы ақпаратты сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу субъектісінің интернет-ресурсында орналастыру.

6. Педагог қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы біліктілігін арттыру курстарын жауапты лауазымды тұлғаларды шақыра отырып, өткізуді жалғастыру.

Қорытынды:

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде жұмыс тобы **КМҚК «М. Жұмабаев атындағы Жоғары колледждің»** қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ деген қорытындыға келді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын насихаттау және олардың алдын алу бойынша жұмысты тұрақты негізде жүргізу ұсынылады.

Аналитикалық анықтамамен танысты:

Кошанова А.К. – тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары, КМҚК «М. Жұмабаев атындағы Жоғары колледж» КММ «СҚО әкімдігінің білім басқармасының» әдеп жөніндегі уәкілі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілі;

Бикбаева Вера Павловна – оқу жұмысы жөніндегі директордың орынбасары;

Жакина Асем Марлановна – оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі директордың орынбасары;

Жанбекова Алтынай Есенкелдиновна – ақпараттық технологиялар жөніндегі директордың орынбасары;

Абдрахманова Айнур Томарбаевна – ғылыми жұмыс жөніндегі директордың орынбасары;

Медетова Раушан Саруаровна – әкімшілік-шаруашылық бөлімі жөніндегі директордың орынбасары;

Жарова Бахыт Сериковна – бас бухгалтер;

Валеева Бейнегуль Хамитовна – кадрлар бөлімінің меңгерушісі;

Калмыкова Татьяна Васильевна – бастауыш білім беру бөлімінің меңгерушісі.

Директор  Г.Ш.Жаканова